



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану факультеті
Саясаттану кафедрасы

L.N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of Journalism and Political Science
Department of Political Science

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ПРОГРЕСКЕ 30
ЖЫЛ»**

XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
9 сәуір 2021 ж.

**«INDEPENDENT KAZAKHSTAN: 30 YEARS OF STABILITY AND
PROGRESS»**

Proceedings of the XI-International Scientific and Practical Conference
on April 9, 2021

**«НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН: 30 ЛЕТ СТАБИЛЬНОСТИ И
ПРОГРЕССА»**

Материалы XI-Международной
научно-практической конференции
9 апреля 2021 г.

Нұр-Сұлтан, 2021

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

К.полит. наук, ассоциированный проф. **М.К. Дюсембекова**, Казахстан
Кандидат политических наук, профессор **Е.Л. Нечаева**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В. Матвеева**, Россия
Кандидат политических наук, доцент **М.К. Тулебаева**, Казахстан
Магистр социальных наук, преподаватель **Н.Болатулы**, Казахстан

«Независимый Казахстан: 30 лет стабильности и прогресса».

Сборник материалов XI-Международной научно-практической конференции. (9 апреля 2021 г.) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337-516-8

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337-516-8

**© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2021.**

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

5. Концепция общественной безопасности Республики Казахстан /Утверждено Распоряжением Первого Президента Республики Казахстан от 30 апреля 1996 г. N2967. - Электронный ресурс: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/N960002967>

6. Закон Республики Казахстан «О национальной безопасности Республики Казахстан». 26 июня 1998 г., №233. - Электронный ресурс: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1009712.

7. Стратегия национальной безопасности Республики Казахстан 1999 года. – Электронный ресурс: [kisi.kz > uploads > files](http://kisi.kz/uploads/files).

8. Закон Республики Казахстан «О национальной безопасности Республики Казахстан» от 6 января 2012 года № 527-IV. Электронный ресурс: mod.gov.kz.

9. Постановление Правительства Республики Казахстан от 15 марта 2018 года № 124 «Об утверждении Государственной программы по противодействию религиозному экстремизму и терроризму в Республике Казахстан на 2018-2022 годы». URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000124>.

10. Об утверждении Концепции государственной политики в религиозной сфере Республики Казахстан на 2017-2020 годы. - Электронный ресурс: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000325>.

11. Закон Республики Казахстан «О противодействии экстремизму» от 18 февраля 2005 года. - Электронный ресурс: http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z050000031_z050031.htm.

12. Закон Республики Казахстан «О противодействии терроризму» от 13 июля 1999 г., №416-I. - Электронный ресурс: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1013957

Алибаев Е.А., Онучко М.Ю.
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы
Alibai_88@mail.ru
onuchkomari@yandex.kz

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЕКАРА МАҢЫНДАҒЫ ӨНІРЛЕРІНІҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК
ҚАУІПСІЗДІГІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ**

Abstract. In order for the population of each state to live a full life, it is necessary to be able to fully meet their social needs. Therefore, all developed countries, in order to ensure social stability and security, regulate the situation on the food market, put the solvency, demand of food buyers and economic assistance to domestic farmers in the first place. An important feature of a market economy, the degree of development of any country, will be a high level of production of means of life, ensuring food security.

Therefore, this article, which is the result of scientific research, considers the importance and topical issues of food security of the border regions of Kazakhstan, the importance of an official document regulating and monitoring food security.

Keywords: food, agriculture, agriculture, food science, security.

Соңғы уақытта орын алған қолайсыз жағдайлар әлемді дүр сілкіндірді. Әлемдік пандемияның Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы болжаған азық-түлік жетіспеушілігіне әкеліп соқты. Әрине, Пандемиядан шеккен зардаптарды айтып жеткізу мүмкін емес және бүгінгі зерттеу жұмысы ол туралы болмақ емес. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, шешу жолдары 30 жылдық тәуелсіздігі бар еліміз үшін емес, бүкіл әлемнің назарында.

Қазақстанның шекара маңындағы өңірлерінде орналасқан экономикалық ғылыми-зерттеу институттарының, ауыл шаруашылығы ұйымдарының қандайда бір

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

институционалдық саясатын, құрылымын, Қазақстан үшін қолайлы арақатынас пен мөлшерді құру және дамыту қажеттігін қамтамасыз ету жолында осы бағыттағы ғалымдар мемлекет тарапынан қолдауды қажетсініп қоймай, шекара маңындағы өңірлердегі азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатқа ерекше назар аударуы тиіс.

Бүкіл әлемде азық-түлік қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздіктің негізі және экономиканың аграрлық секторын дамытудың маңызды бағыты болып отыр. Өз өнімінсіз елдегі ұлттық қауіпсіздіктің басқа компоненттері маңыздылығын жоғалтып қана қоймай, тұрақсыздығынан құлдырауы мүмкін. Ал осы жерде шекара маңындағы өңірлердің азық-түлік қауіпсіздігі саясаты басты орында болуы тиіс.

Азық-түлік қауіпсіздігі ұлттық экономикалық қауіпсіздік тұжырымдамасының маңызды бөлігі болып табылады, оның мәні адамдар мен қоғамның негізгі азық-түлік қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруға және жеткілікті мемлекеттік резервтерге, белсенді төлемдер мен сауда баланстарына ие болуға мүмкіндік беретін экономикалық өсу деңгейі мен сапасын қамтамасыз етуден тұрады. Жалпы экономикалық қауіпсіздікті толықтай қамтамасыз етпей, ішкі экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешу, әлемдік процестерге ықпал ету, елдің мемлекеттік мүдделерін қорғау мүмкін емес. Сондықтан азық-түлік қауіпсіздігі проблемасын қазіргі уақытта аграрлық секторда жүргізіліп жатқан реформалармен тығыз және экономикалық қауіпсіздікті шешу тетігімен өзара байланыста қарау керек.

Ұлттық экономикалық қауіпсіздік пен қоғамдағы әлеуметтік-саяси тұрақтылық мүдделерін ескере отырып, азық-түлік және аграрлық кешендерді экономиканың стратегиялық маңызды салалары деп санаған жөн.

Мәселен, азық-түлік өнімдерін өз өндірісінің қажетті деңгейі, ауыл шаруашылығы, сондай-ақ тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі үшін материалдық-техникалық базасын; сыртқы және ішкі жағымсыз факторлардың әсеріне қарамастан мемлекеттік азық-түлік резервін жаңарту және толықтыруын; өндірілетін және өткізілетін тамақ өнімдері сапасының тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігінің мемлекеттік стандарттарына сәйкестігін; қажетті ең төменгі күнкөріс деңгейі, халықтың салауатты өмірінің лайықты деңгейі мен жоғары сапасын; барлық деңгейлерде аграрлық секторды басқарудың тиімді жүйесін құру, қол жеткізілген көлемді сақтау және экспортқа бағдарланған бәсекеге қабілетті азық-түлік өнімдерінің өндірісін кеңейтуін; азық-түлікті мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру, оның ішінде өндірісті, сыртқы және ішкі жеткізілімдерді, азық-түлік қорларын есепке алу және бақылауын - шекара маңындағы өңірлерінің азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саяси мүдделеріне жатқызуға әбден болады дейді А.А. Есекеева өз «Продовольственная безопасность как экономическая категория и её роль в обеспечении национальной безопасности» атты жұмысында [1,71б.]

Зерттеулер мен жарияланымдарды талдау. Ғылыми зерттеу жұмыстарын азық-түлік қауіпсіздігіне арналған отандық және ғалымдардың ішінде А.А.Есекеева [2] және А.А. Кайгородцевті ерекше атап өтуге болады. А.А. Кайгородцевтің [3] барлық еңбектері бұл зерттеу жұмысына негіз болып отыр.

Зерттеудің мақсаты – еліміздегі шекара маңындағы өңірлердегі азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясаттың қазіргі жай-күйін бақылау және қазіргі проблеманы шешу жолдарын ұсыну.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Ғылыми зерттеу статистикалық материалдарды (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері), зерттеудің жалпы ғылыми және салалық әдістерін пайдалана отырып еліміздегі шекара маңындағы өңірлердегі азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы мәселелерді шешу жолдарын ұсыну.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы «Астық туралы» Заңына сәйкес 143-ІІ «Азық-түлік қауіпсіздігі сыртқы және ішкі жағдайларға қарамастан, тамақтанудың физиологиялық нормаларына сәйкес халықтың тамақ өнімдеріне қажеттіліктері қанағаттандырылатын тиісті ресурстармен, әлеуетпен және

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

кепілдіктермен қамтамасыз етілген экономиканың, оның ішінде оның агроөнеркәсіптік кешенінің жай-күйі» делінген [4].

Қазіргі уақытта Қазақстанда азық-түлік өндірісін дамытуды тежеуші факторлардың бірі тамақ өнеркәсібінің техникалық-технологиялық қамтамасыз етілу деңгейімен де, сондай-ақ шикізат жеткізу сапасымен де негізделген ауыл шаруашылығы шикізатын өнеркәсіптік қайта өңдеу деңгейінің төмендігі болып отыр. Осы ретте азық-түлік қауіпсіздігін бақылау мен қадағалауда шекара маңындағы өңірлер айқын орын алады.

Ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бағыттарының бірі ретінде, азық-түлік қауіпсіздігі мәселесіне осы уақытқа дейін мемлекет тарапынан көңіл бөлініп келе жатқанымен заң жүзінде әлі де қорғалмай келе жатыр.

Иә, азық-түлік қауіпсіздігінің құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы, Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2011 жылғы 26 қаңтардағы № 400-IV Заңы, Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың бірыңғай қағидалары туралы келісімді ратификациялау туралы 2011 жылғы 22 шілдедегі № 474-IV Заңы, «Астық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы Заңы 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 390-VI Заңы, Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы 2005 жылғы 8 шілдедегі N 66 Заңы, Қазақстан Республикасының Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы 2007 жылғы 21 шілдедегі N 301 Заңында қорғалғанымен, бұл жеткіліксіз, себебі, азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей қатысы шамалы. Азық-түлік қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бағыты болып табылатындықтан, өз алдына жеке заңмен қорғалып, қадағаланған жөн. Яғни ұлттық мүдделерді, азық-түлік қауіпсіздігі көрсеткіштерін, оларды бағалау индикаторларын, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тәуекелдері мен қатерлерін, оны толықтай қамтамасыз етудің стратегиялық мақсаты мен негізгі міндеттерін, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тетіктері мен ұйымдастырушылық негіздерін бекітпесек, ұлттық қауіпсіздікке де, экономикалық әл-аумақтымызға да қауіп төндірмек.

Бұл заңнама азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты толықтай іске асыра алу тетігіне айналады, әсіресе, шекара маңындағы өңірлерінің азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты орындауға тапсырмас мүмкіндік болмақ.

Себебі, осы Заңнама аясында шекара маңындағы өңірлерде ғылыми-зерттеу институттары ашылып, еліміздің ішкі нарығын қорғау, қадағалау мен шекара маңындағы өңірлерде орналасқан ірі агроөнеркәсіптік өндірістердің барынша дамуы үшін бағыт-бағдар беруі қажет.

Сонымен, азық-түлік қауіпсіздігі экономикалық әл-ауқаттың ажырамас бөлігі және кез-келген мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің негізгі бағыты болып табылады. Азық-түлік қауіпсіздігі мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып табылатындығын есте ұстаған жөн, өйткені ол ұлттық, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және экологиялық факторлардың кең спектрін қамтиды.

Қорыта келгенде, әр мемлекет халқы толыққанды өмір сүру үшін әлеуметтік қажеттіліктерін толықтай қамтамасыз ете алу қажет. Сондықтан барлық дамыған елдер әлеуметтік тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін азық-түлік нарығындағы жағдайды реттеп, төлем қабілеттілігін, азық-түлік сатып алушылардың сұранысын және отандық шаруаларға экономикалық көмек көрсетуді бірінші орынға қояды. Нарықтық экономиканың маңызды белгісі, кез-келген елдің даму дәрежесі-өмір сүру құралдарын өндірудің жоғары деңгейі, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болмақ.

Осылайша, азық-түлік қауіпсіздігі – бұл экономиканың аграрлық секторының даму деңгейімен анықталатын адам қауіпсіздігінің жай-күйі. Бұл ретте азық-түлік қауіпсіздігі елдің ұлттық, экономикалық қауіпсіздігінің ажырамас бөлігі болып табылады.

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

Халықтың азық-түлік қауіпсіздігі – бұл, ең алдымен, азық-түліктің экономикалық қолжетімділігін, сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін халықтың табыс деңгейі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.А. Есекеева. Продовольственная безопасность как экономическая категория и её роль в обеспечении национальной безопасности. Вестник КазНУ. Серия юридическая. №3 (71). 2014.
2. А.А. Есекеева. Продовольственная безопасность как экономическая категория и её роль в обеспечении национальной безопасности. Вестник КазНУ. Серия юридическая. №3 (71). 2014.
3. Kaigorodcev Alexandr. Mechanism of food security – International Journal Of Applied And Fundamental Research. – 2013. – № 2 – URL: www.science-sd.com/455-24099 (21.11.2013).
4. Астық туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылы 19 қаңтарындағы №143-ІІ Заңы.

Амалбекова А.Т.
Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева,
г. Нур-Султан, Республика Казахстан
aidana.amalbekova@alumni.nu.edu.kz

**ПРИГРАНИЧНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА И УЗБЕКИСТАНА НА
СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ**

Abstract. The paper overviews the cooperation of cross-border territories of Kazakhstan and Uzbekistan after the collapse of the Soviet Union and analyzes the cross-border cooperation since President Shavkat Mirziyoyev took office. It shows examples of the cooperation in different spheres as an important instrument for attaining the goals of regional integration, which can lead to greater territorial cohesion and economic growth in Central Asia despite the past border conflicts between the two countries. The paper examines how cross-border cooperation can be further improved.

Key words: Cross-border cooperation, Border politics, Central Asia, Kazakhstan, Uzbekistan.

Казахстан и Узбекистан, две лидирующие страны Центральной Азии, взаимовыгодно сотрудничают в сфере приграничной политики несмотря на прошлые трудности в вопросе утверждении границ в регионах, где исторически жили не только казахи и узбеки, но и представители других братских народов (каракалпаки, таджики и т.д.) [1]. Приграничными территориями являются 4 области Казахстана, 4 вилоята Узбекистана и Автономная Республика Каракалпакстан. Эти приграничные регионы занимают важное место в социально-политических отношениях так, как именно они участвуют в развитии инфраструктурных, торгово-экономических и социо-культурных связей [2]. Стабильно развивающееся приграничное сотрудничество стало особенно интенсивно строиться в последние годы с приходом к власти Президента Шавката Мирзиёева [3]. Данная статья поможет рассмотреть уровень приграничного сотрудничества Казахстана и Узбекистана на современном этапе.

Приграничное сотрудничество подразумевает то, что приграничные территории двух государств согласованно и существенно влияют друг на друга в целях укрепления добрососедских отношений. Такое сотрудничество может иметь широкий размах в том случае, если процесс демаркации и делимитации прошел (или проходит) успешно. В случае казахстанско-узбекской границы, процесс делимитации был завершён в сентябре 2002 года, в то время как совместная казахстанско-узбекская демаркационная комиссия продолжает работать над процессом демаркации [3, 251 с]. Эксперты утверждают, что необходимость